

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ, ЖУАЛЫ АУДАНЫНДА
«АРДАГЕРЛЕРГЕ СЫЙЛЫҚ» АТТЫ АКЦИЯ ӨТКІЗІЛДІ.**ЖАРИЯЛАНДЫ
21.11.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/85423/>

«Жуалы ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік тапсырыс аясында «Жамбыл облысы «Қазақстан студенттерінің Альянсы» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен **«Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75-жылдығына орай іс-шараларды ұйымдастыру»** әлеуметтік жобасының аясында Жамбыл облысы, Жуалы ауданында Ұлы Отан соғысы ардагерлері және тыл еңбеккерлеріне құрмет көрсету мақсатында «Ардагерлерге сыйлық» атты акциясы өтті.

Халқымыз асылын ардақтап, қариясын құрметтеген, өмірден көргені, көңілге түйгені мол, тыңдай білгенге ақыл-ойы алтын көмбе ардагерлерді әспеттеп, оларға құрмет көрсету-баршамыздың парызымыз. Отан үшін от кешіп, жалынды жастық шағын соғыс өртіңде өткізген соғыс ардагерлерінің қатары күн санап азайып барады.

Ардагерлерді құттықтай отырып, жастар қозғалысының төрағасы Муратбаев Каныбек ардагерлердің ерлігін атап өтті: «Сіздердің басыңызға түскен қиындықтарды бағалау мүмкін емес, бірақ сіздердің ерліктеріңіз жүрегімізде мәңгі сақталады. Біздің бейбіт уақытта өмір сүріп жатқанымыз және әрбір жаңа күнді қуана қарсы алатынымыз үшін Сіздерге алғыс айтып, басымызды иеміз!»

Жас ұрпақ пен ардагерлердің кездесуі барлығына жағымды көңіл-күй сыйлады. «Жамбыл облысы «Қазақстан студенттерінің Альянсы» жастар қоғамдық бірлестігінің жастары ардагерлерге алғыс білдіріп, денсаулық, сергектік пен амандық тіледі, сыйлықтар табыстады.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.